

## "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі N 710 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 қазанда N 4777 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 461 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.05.2016 № 461 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Қаулының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:**

**Қоса берілген "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.**

**Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**"Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындаитын шараларды қабылдасын.**

**Осы қаулының орындалуын бакылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Ш. Әлназароваға жүктелсін.**

**Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.**

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2014 жылғы "22" қыркүйектегі  
№710 қаулысымен бекітілген

**Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің Ережесі Жалпы ережелер**

**Ескерту. Ереженің атауы жаңа редакцияда - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. "Қызылорда облысының дene шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Басқарма) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, облыста дene шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

1. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, езге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның тұрған жері: индексі 120008, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, F. Мұратбаев көшесі, 1.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қызылорда облысының дene шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге

асыру құқығы берілсе, онда осындағы қызметтөн алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Басқарманың миссиясы:

халықты салауатты өмір сүрге тартуға, облыста жоғары білікті спортшыларды және спорт резервін дайындауға жағдай жасау.

14. Міндеттері:

дene шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және дамыту.

15. Функциялары:

1) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

2) аккредиттелген республикалық және (немесе) жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, бұқаралық спорт бойынша, сондай-ақ ардагер спортшылар арасында облыстық спорт жарыстарын өткізеді;

3) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың республикалық және халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

5) облыс аумағында дene шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

6) Алынып тасталды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

7) білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарын сабактан тыс және кешкі уақытта халық үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс-шаралар өткізу мақсатында пайдалану жөнінде шаралар қолданады;

8) спортшыларға: Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1 -разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

6) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

7) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өнірлік күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында спорттық іс-шараларды үйимдастыруды және өткізууді үйлестіреді;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дene шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

10) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асырады;

11) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады;

12) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың үлгілік оқу жоспарларын келіседі;

13) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

14) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етеді;

15) дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша облыстық дene шынықтыру және спорт жөніндегі басқару органының бірінші басшысын лауазымға тағайындейды;

16) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді үйимдастырады;

17) дene шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

18) дene шынықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктер дene шынықтыру мен спортты насихаттауды жүргізеді, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дene шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттырады;

19) аккредиттелген жергілікті спорт федерациясы өткізетін спорттық жарыстар туралы ережелерді (регламенттерді) әзірлейді және оларды жергілікті уәкілетті органмен келіседі;

20) спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған

мектеп-интернаттарда спортшыларды даярлау білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады;

21) мүгедектерге дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін спорт ғимараттарына баруға жағдай жасауды, арнайы спорттық мүкаммалды беруді қамтамасыз етеді;

22) мүгедектердің дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен бірлесе отырып, спорт клубтарының, мектептерінің, секцияларының ашылуын қамтамасыз етеді, облыс деңгейінде спорттық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ оларды респубикалық спорттық жарыстарға даярлауды және оларға қатысуын ұйымдастырады;

23) спорт клубтарын, мектептерін, секцияларын ашу, облыс деңгейінде спорттық іс-шараларды өткізу, ұлттық спорт түрлері бойынша респубикалық, халықаралық спорттық жарыстарға спортшыларды даярлау және олардың қатысуы, тиісті инфрақұрылым жасау арқылы ұлттық спорт түрлерінің дамуын қамтамасыз етеді;

24) спорт түрлері бойынша спортшыларды ұстауға, қамтамасыз етуге, даярлауға және олардың спорттық іс-шараларға қатысуына, оның ішінде спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарда жүзеге асырылады.

25) жоғары дәрежелі спортшылар даярлауды дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) спортшыларын даярлаудың жеке жоспарларына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы қазақстандық және шетелдік мамандар, сондай-ақ дене шынықтыру-спорт ұйымдары жүзеге асырады;

26) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін орындау жөніндегі жұмысқа басшылық жасауды және оны бақылауды жүзеге асырады;

27) облыстық спорттық жарыстар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша және аккредиттелген тиісті жергілікті спорт федерацияларымен келісу бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың өнірлік бірынғай күнтізбесіне сәйкес өткізіледі;

28) облыстық спорттық жарыстардың ережелерін (регламенттерін) аккредиттелген жергілікті спорт федерациялары әзірлейді және оны жергілікті атқарушы орган бекітеді;

29) жеке адамдар мен қатысушылардың қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз

етуді күрделендіретін спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарының бұзушылықтары, оның ішінде мінбелердің тіреуіш конструкцияларының ескіруі, мінбе астындағы үй-жайларда жанатын қауіпті заттар мен материалдардың болуы, авариялық жарық беру мен эвакуациялау жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғану құралдарының болмауы немесе олардың ақаулы болуы бөлігінде, сондай-ақ өрттің туындауына әкеп соғуы мүмкін электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы органдар енгізетін ұсыну бойынша жергілікті атқарушы органдар өз бетінше не ішкі істер органдарының бастамасы бойынша қауіпсіздік жағдайларының анықталған бұзушылықтары жойылғанға дейін спорттық жарыстарды өткізуге тыйым салады;

30) аса көрнекті спортшыларға – "КСРО-ның еңбек сінірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген спорт шебері", "КСРО-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" атақтары бар, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кірген немесе кіретін олимпиада чемпиондары мен жүлдегерлеріне, әлем чемпиондарына, олардың "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген жаттықтырушысы" немесе "КСРО-ның еңбек сінірген жаттықтырушысы" атақтары бар жаттықтырушыларына заңнамада белгіленген тәртіппен облыстық бюджеттен ай сайын ақшалай үлес төлейді;

31) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне заңнамада белгіленген тәртіппен облыстық бюджеттен ай сайын ақшалай үлес төлейді;

32) дene тәрбиесі мен спорт саласында балалар мұдделеріне орай орталық атқарушы орган айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

33) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;

34) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

35) мемлекеттік орган жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады;

36) өз құзыреті шеңберінде қызметтері кәмелетке толмағандардың құқық

бұзушылықтары, қадағалаусыз және панасыз қалуы профилактикасының шараларын жүзеге асыруға байланысты балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктеріне, әлеуметтік мекемелерге, қорларға және өзге де мекемелер мен ұйымдарға жәрдемдеседі;

37) өз құзыреті шенберінде кәмелетке толмағандардың демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

38) өз құзыреті шенберінде кәмелетке толмағандардың занға мойынсұнушылық мінез-құлқын және салауатты өмір салтын насихаттау мен қалыптастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

41-1) дene шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді.

**Ескерту. Қаулы 41-1)** тармақшамен толықтырылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-2) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе береді.

**Ескерту. Қаулы 41-2)** тармақшамен толықтырылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-3) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі.

**Ескерту. Қаулы 41-3)** тармақшамен толықтырылды - Қызылорда облыстық әкімдігінің 17.02.2015 N 851 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

## 16. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

- мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

- құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

- қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.

## 2) Басқарма:

- занды және негізделген шешімдер қабылдауға;
- қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;
- қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

### **3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру**

17. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

19. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз өкілеттілігі шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда басқарманы білдіреді;

3) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) өзінің құзыретіне жатқызылған еңбек қатынастары мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарманың қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелей шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды;

11) сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

12) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындаиды;

14) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді

ұйымдастырады;

- 16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 17) гендерлік тендік саясатын жүзеге асырады;
- 18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;
- 19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Ережемен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- 20) Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.
21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.
22. Басқарманың жұмыс тәртібі:
  - 1) Басқарма аптада 5 (бес) күн жұмыс істейді;
  - 2) Басқарманың жұмысы жергілікті уақыт бойынша сағат 09-00-де басталып, сағат 19-00-де аяқталады. Сағат 13-00-ден сағат 15-00-ге дейін үзіліс;
  - 3) сенбі және жексенбі күндері, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері Басқарма жұмыс іstemейді.
23. Басқарманың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.
24. Басқарманың әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес реттеледі.

#### **4. Басқарманың мұлігі**

25. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.
26. Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
27. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.
28. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

29. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК